

ЕГЕМЕН

ҚАЗАҚСТАН

Елді демократияландыра түсуге жол ашатын заң жобалары талқыланды

Кеше Астанадағы “Рэдиссон САС” қонақ үйінің мәслихат залында “Қазақстанның саяси жүйесін жетілдіру: заңнамалық аспектілер” атты тақырыпта дөңгелек үстел болып өтті.

Бұл шараны “Нұр Отан” ХДП Парламентаризм институты, БҰҰ-ның Қазақстандағы Даму бағдарламасы және Ұлыбританияның Қазақстандағы елшілігі ұйымдастырды. Оның жұмысына Парламент депутаттары, мемлекеттік органдар мен саяси партиялар, ҰЕҰ мен БАҚ, халықаралық ұйымдар өкілдері, “Нұр Отан” ХДП басшылығы, ғалымдар мен сарапшылар қатысты. Дөңгелек үстел жұмысын “Нұр Отан” ХДП Парламентаризм институтының директоры Жанаргүл Құсманғалиева ашып, жүргізіп отырды. Басқосуға орай құттықтау сөздерін Ұлыбритания Корольдігінің Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Пол Браммель мен БҰҰ жүйесінің Қазақстандағы Резидент-үйлестірушісі Хаолянь Шу айтты.

“Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы” Заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бойынша алғашқы сөзді Әділет вице-министрі Дулат Құсдәулетов алды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұстанымын іске асыру үшін енді “Сайлау туралы” Заң Парламент Мәжілісіне кемінде 2 саяси партияның өкілдік етуіне кепілдік берумен толықтырылады. Сайлау қорытындысы бойынша 7 пайыздық шепті еңсере алмаған партиялар арасынан сайлаушылар дауысының ең көп санын жинағанының өкілдері де Мәжіліске жіберіледі, деді ол. Д.Құсдәулетов, сондай-ақ Заңға ұсынылған басқа да өзгерістерді санамалап өтті. Олардың қатарында сайлау комиссиясының мүшелері арасындағы мемлекеттік қызметші болып табылмайтындарға сайлауға дайындық және өткізу кезеңінде кемінде үш айлық ең төменгі жалақы көлемінде еңбекақы төленетіндігі, сайлау комиссиясына қажетті жағдайда сайлау өткізетін күні дауыс беру уақытын өзгертуге мүмкіндік берілетіндігі (мәселен, бұрын сайлаушылар учаскеге жабылатын уақытта келсе, қабылданбайтын), шығып қалған депутаттардың орнына жаңа адамды сайлауды наурыздың немесе қазанның соңғы жексенбісінде өткізу ұсынылатындығы сияқты өзгерістер мен толықтырулар бар.

Екінші болып сөйлеген Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Марат Сәрсембаев ұсынылған толықтырулар мен өзгерістерді еліміздің сайлау туралы заңнамасын демократияландыра түсу жолындағы маңызды қадам деп бағалайтынын жеткізді.

Үшінші кезекте саяси партиялар мен бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасын дайындаған Мәдениет және ақпарат министрлігінің өкілі, вице-министр Дархан Мыңбай сөйледі. Ұсынылатын өзгерістер аталмыш заңдарды барынша либерализациялау мақсатында жасалды, дей келіп ол нақты мәселелерге тоқталды. Вице-министр алдымен он тармақтан тұратын 6-бапқа енгізілетін өзгерістерді санамалап берді. Осы 6-баптың 2-тармағы бойынша саяси партияларды құру мақсатында ұйымдастыру комитетін жасау міндетті шарт

болғандығы, ал келесі тармақтарда осы комитетті жасаудың талаптары, одан арғы тармақта тіркеуші органның қажетті құжаттарды қабылдағаны туралы мәселелер, т.б. қамтылғаны көлденең тартылды. 7-бапқа енгізілетін өзгеріс жаңадан тіркелетін партияларға бұрын тіркелген немесе бұрын болған саяси партиялардың ғана емес, қоғамдық бірлестіктердің де атаулары мен нышан-белгілерін алуға тыйым салады. Мұның өзі бұрынғы “Азат” қозғалысының атауын иемденген “Нағыз Ақ жол” сияқты партиялардың еркін әрекет етуіне енді жол бермейді.

Енгізілетін өзгерістер қатарында саяси партия құру үшін талап етілетін мүшелер саны 50 мыңнан 40 мыңға азайтылғандығы, аймақтық ценз 700-ден 600-ге төмендетілгені, партияны тіркеуге берілетін мерзімнің 2 айдан 4 айға ұзартылғаны, сонымен қатар, партия мүшелері тізіміндегі жалпы санға әсер етпейтін қателіктер мемлекеттік тіркеуден өткізбеуге негіз болмайтындығы аталды. Ал “Бұқаралық ақпарат құралдары” туралы Заңға енгізілетін өзгерістер тіркелу кезіндегі көптеген әкімшілік кедергілерді, атап айтқанда, мекен-жай мен редакторды өзгерткенде қайта есепке тұруды, журналистің сұхбат алу кезінде аудио немесе бейнекөрініс жазуға рұқсат алуға міндеттілігі, т.б. кедергілерді алып тастауды қамтығаны белгілі болды. Заң жобалары бойынша саяси партиялар өкілдері, мамандар мен ғалымдар өз пікірлерін ортаға салды.

Дерек көзі: Жақсыбай Самрат.